

«Жаңажол жалпы білім беретін мектеп» КММ

*Арнайы педагог Арапова Таңшолпанның
2025-2026 оқу жылында атқарылған
I жарты жылдық жұмыс туралы есебі*

Арнайы педагог: Т.Арапова

2025-2026 оқу жылында «Жаңажол жалпы білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

Арнайы педагог маманының жылдық жоспарына дамыту және тәрбиелеу жұмыстары жүргізілді.

Жүргізілген арнайы педагог маманының түзете – дамыту төмендегідей кезеңдермен өтті.

1. Диагностикалық кезең:

1. Баланың психологиялық калпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
2. Сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
3. Таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

2. Коррекциялық дамыту кезеңі:

1. Баланың даму калпын ескере отырып кадамдылық бағытта оқыту процессін жүргізу.
2. Түзете – дамыту жұмыстарына ата – аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
3. Әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.
4. Баланың сақталған компенсаторлық мүмкіншіліктерін зерттеп, анықтап, ескере отырып жеке дамыту бағдарламасын құру.

3. Тәрбиелеу кезеңі:

Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жана ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

2025-2026 оқу жылында арнайы педагогтың көмегін 10 бала алды, олардың ішінде:

6 бала – дислалия

2 бала – дизартрия

2 бала—ротацизм

Түзету сабағы аптасына 2 рет сөйлеу тілінде кеміретігі бар балалармен жекелей және топтық сабақтар жүргізіледі. Оқушылардың барлығына жеке даму картасы толтырылған. Әр оқушыға сабақ жоспарлары құрылған. Ата-аналардың өтініші толтырылған. Мұғалімдермен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс істеймін.

Түзету сабақтарының нәтижесі тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды дұрыс орындау, сөздік қорларын жана сөздерімен толықтыру, кеңейту сияқты жетістіктерге қол жеткізуде.

Логопунктке тіркелген балалар тізімі:

№/с	Оқушының аты-жөні	Туылған жылы, айы -күні	Мектеп	ЖСН
1	Абдрахман Алихан Ескараұлы	23.01.2017	Жаңажол	160123500132
2	Нурлан Асылым Нурсултанқызы	04.12.2019	Жаңажол	191204603002
3	Жұмабек Ақниет Еркебұланқызы	30.03.2018	Жаңажол	180330602818
4	Қайм Жігер Жасұланұлы	22.05.2017	Жаңажол	180524502638
5	Нукматулла Айтхан Бауыржанұлы	15.06.2018	Жаңажол	180615500765
6	Дастан Айару Дидарқызы	22.05.2017	Жаңажол	170522602621
7	Алтай Алина Нурсейтқызы	29.03.2018	Жаңажол	180329602555
8	Бахтияр Мария Шынболатқызы	30.12.2016	Жаңажол	161230602704
9	Ермекбай Ажар	06.01.2015	Жаңажол	150106602933
10	Абдрахман Еркебұлан Ескараұлы	30.07.2018	Жаңажол	180730501302

Баланың сөйлеу тілін бұзылуын әртүрлі жаттығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған білім алушыларды анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды.

Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталаып құрылды.

Дислалия бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: Фонетикалық есту қабілетін дамыту үшін лексикалық тақырыптары мен дыбыстар дағдыларына байланыстырып айтылуы бойынша ерекшеліктерімен таныстырылды. Оқушылар тілдік емес дыбыстардан әуенді ойыншықтар, тұрмыстық шулар дыбыстарын ажыратып үйренді.

Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту жұмыстары жүргізілуде сөйлеу тілінің белсенді сөздік қорын дамыту үшін арнайы сұрақтармен байланыстырып сөздік қорлары кеңейуде. Сөйлеу тілінде «етістіктер», «есімдіктер», «зат есім», «сын есім», «есімшелерді» дұрыс қолданып үйренуде. Сөйлеу тілінің қарым – қатынастық сөздік қорын дамытуға «Бауырсақ», «Шалқан» ертегілерінің кейіпкерлеріне бөлініп, дауыс ырғағын өзгертіп үйренді. Сюжетті суреттер бойынша екі, үш құрылымды сөйлем құрап, үш – төрт сериялы сюжетті

суреттерден әңгіме құрастырады. Дыбыстану қатарына келетін болсақ дауысты дыбыстар қатарын дұрыс айтылуын қадағаланып, «еріндік» [П], [Б], «бұғастық» [К], [Г], «ызын» [Ш],[Ж], «ысқырық»[С], [З] дыбыстарына түзету жұмыстары жүргізілді.



Дизартия бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: тілдің икемсіздігіне байланысты артикуляциялық жаттығулар қатары жасалды. Ол тілдің «қазықша» қалпын жасауға, оны жоғары күрек тіске тіреуге, бүйірден ауа жолын ашуға бағытталуға көмек берді. Артикуляциялық жаттығулар тілді кезекпен жалпайту немесе жіңішкерту, «күректей», «қазықтай» ұшымен төменгі, жоғарғы еріндерге тигізу, айналдыра жалау, тіс пен ерін арасын жалау, тілді тіс пен ерін арасында, жоғары-төмен жүгірту, тілді оң, сол ұрттарға кезек тигізіп ұстап үйренді.



Ротацизм бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: жоғарыда айтылған логопедиялық түзете-дамыту жұмыстары толығымен қамтылып жатыр. Сөйлеу тілінің түсінуін дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды «Мектеп құралдары», «Жабайы аңдар» «Қыстайтын құстар», «Жәндіктер», «Тәуелсіздік күні», «Қанша мемлекеттік қор бар?», «Жыл мезгілдері» т.б. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді.

Бет бұлшықеттеріне арналған емдік уқалау жоспарланып, жасалды. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренуде. Сонымен бірге дыбыстар қатары анықталып, оларды қоюға арналған артикуляциялық жаттығулар қатарын игерді. «Р» дыбысын кою барысында тілдің алдыңғы бөлігін альвеолаға тигізу, ажырату жүзеге асады.

Алдымен саусақты логопедтің өзі қозғайды, кейін бала өздігінен жасайды. Жаттығу кезінде тілдің тиісті орынға оралуын, тіл мен альвеол арасында тар саңылау болуын бақылап отыру керек.

Ақырында тілдің өздігінен тербелуіне альвеолдық Т немесе Д дыбыстарын Р дыбысымен тіркестірудің көмегі көп /др, ддр, тр, ттр/.

Бастапқы тілдің ұшы ғана тербелетін, тербеліс секундына 20 ретке жететін «ұсақ діріл» болып, қалыптастырылды.

Саусақтарының қимыл-қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар, ұсақ заттармен жұмыс, қарындашпен жұмыс түрлері кеңінен жүргізілді.



Әр тоқсан сайын психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің мамандары (арнайы педагог, педагог-психолог) сөйлеу тілінде бұзылыстары бар білім алушылардың сабақтарына катысып, бақылау хаттамаларын толтырды.

Ата-аналармен сұхбат және сауалнамалар, оқушылардың коммуникативті паспорттары толтырылып, зерделенді.

Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін ұжымдық талқыланды.

Ұйымдастырушылық жұмыс

Қыркүйек айының 1-15 аралығында ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға терең педагогикалық диагностика жүргізу мақсатында оқу бағдарламаларына сәйкес дидактикалық материалдар, оқушының сабақтағы іс-

әрекетіне бақылау жасалды. Сонымен қатар, ата-аналарға кеңесті тіркеу журналы, мектеп мұғалімдеріне кеңесті тіркеу журналы, оқушылардың сабаққа қатысуын тіркеу журналдары бекітілді.

Терең арнайы педагогикалық диагностикада оқушылардың негізгі пәндердің оқу бағдарламаларын (математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, жаратылыстану) меңгеру деңгейі анықталды, оқу жетістіктерінің карталары толтырылды. Оқушылардың оқу қиындықтарының көріністерін және олардың себептерін арнайы мамандар (арнайы педагог, педагог-психолог, әлеуметтік педагог) анықтап, ұжымдық талқылау жүргізілді.

Оқушыларға түзету дамыту жұмыстары жүргізіліп, ойын тапсырмалар, дидактикалық ойындар, жаттығулар арқылы ойлау, есте сақтау қабілеттері, саусақ жаттығулары арқылы ұсақ қол моторикасы дамып оқу әрекетінде сабаққа қызығушылығын арттыру жұмыстары жасалды. Оқушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, әр оқушыға жеке-жеке оқу бағдарламасы құрылды.

2025 жылдың 29 қазан күні №2 Ш. Уалиханов атындағы жалпы білім беретін мектебінде «Арнайы педагог пен ассистент қызметіндегі құжаттардың маңыздылығы мен тиімді жүргізу жолдары» тақырыбында аудандық семинар болып өтті.

Семинардың мақсаты: Арнайы педагог пен педагог-ассистенттің кәсіби қызметінде құжаттаманың ролін айқындау, оның білім беру процесін ұйымдастырудағы маңыздылығын түсіндіру және құжаттарды тиімді, жүйелі түрде жүргізудің заманауи тәсілдерін қалыптастыру.

Семинарда «Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту жолдары» тақырыбында баяндама оқыдым. Баяндама барысында танымдық қабілеттерді дамытудың тиімді әдіс-тәсілдерін ұсындым және балалармен жүргізілген сабақ барысын видео слайд жасап, әріптестеріме бөлістім.

2025 жылдың 26 қараша күні Жаңажол жалпы білім беретін мектебінде «Ата-анамен жұмысты тиімді ұйымдастырудың тиімді жолдары» тақырыбында тәжірибе алаңы болып өтті.

Мақсаты: Мектеп пен ата-ана арасындағы жұмыстың сапасын арттыру мақсатында мектептер арасында тиімді әдіс-тәсілдер мен заманауи тәрбиелік технологияларды бөлісу, мектеп пен ата-ана арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту, ата-анамен жұмыс жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдерін тәжірибе жүзінде қолданған әріптестердің өз тәжірибесімен бөлісуі арқылы ортақ ынтымақтастық алаңын қалыптастыру.

Тәжірибе алаңы барысында «Түсінемін және қолдаймын» ата-аналармен кездесу ұйымдастырып, өз тәжірибеммен бөлістім. Мақсаты: Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға ата-ана ретінде қалай жақын болу керек?». Орта буындағы дамуы ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға эмоционалды қолдау көрсету және тиімді қарым-қатынас дағдыларын ата-ана бойына қалыптастыру.

Арнайы педагогтың сынып жетекшімен бірлескен жұмысы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушыларды оқыту, тәрбиелеу және әлеуметтендіру үдерісінің тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды кәсіби ынтымақтастық.

Бірлескен жұмыстың мақсаты:

Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру ортасын бейімдеу

Оқу-тәрбие үдерісінің бірізділігін қамтамасыз ету

Оқушының оқу жетістігі мен әлеуметтік дамуын қолдау

Мектеп мұғалімдерімен және сынып жетекшімен оқу жылының басында логопункттегі балалардың жеке даму картасы, жеке жоспарлары, әр баланың жолдамасына сәйкес КТЖ, ҚМЖ жасалып, таныстырылды.

Арнайы педагогтың сынып жетекшімен бірлескен жоспарына сәйкес 02.12-09.12.2025 ж аралығында болып өткен бастауыш сыныптар апталығында «Білімділер айкасына» логопункттегі оқушыларымды қатыстырдым. Сайыс барысында оқушылар өз ұшқырлығын, білгірлігін ортаға салды. Нәтижесінде барлық сайысқа қатысушылар жоғары дәрежеде өз өнерін көрсетті.

Арнайы педагогтың психологпен бірлескен жұмысы – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды кешенді қолдаудың маңызды бөлігі.

Бірлескен жұмыстың мақсаты:

Баланың психологиялық және танымдық дамуын үйлесімді қолдау

Оқу, мінез-құлық және эмоционалдық қиындықтардың алдын алу

Баланың әлеуметтенуіне қолайлы жағдай жасау

Негізгі міндеттері

Баланың жеке даму ерекшеліктерін кешенді зерттеу

Түзету-дамыту және психологиялық қолдау жұмыстарын үйлестіру

Оқушының эмоционалдық тұрақтылығын арттыру

Арнайы педагогтың психологпен бірлескен жұмысына сәйкес «Зорлық зомбылықсыз 16 күн акциясында», «Сурет байқауына» логопункттегі оқушыларым қатысып, марапатталды. Байқау оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталды. «Эссе жазу» сайысы бойынша 4 б сынып оқушысы Бахтияр Мария қатысып, мадақтама қағазымен марапатталды.

Арнайы педагогтың ата-анамен бірлескен жұмысы-ерекше білім беру қажеттілігі бар баланы қолдаудағы ең маңызды бағыттарының бірі. Негізгі мақсаттары:

- Ата-ананың баланың даму ерекшеліктері туралы хабарлар ету
- Түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру
- Үй мен білім беру ортасының талаптарын біріздендіру
- Ата-ананың педагогикалық құзыреттілігін қалыптастыру

Бірлескен жұмыстың негізгі бағыттары:

Диагностикалық жұмыс

- Баланың даму деңгейі мен қиындықтарын анықтау
- Диагностика нәтижелерін ата-анамен талқылау

Кенес беру

- Баламен үй жағдайында қалай жұмыс істеу керектігін түсіндіру
- Тәрбиелеу мен оқытуға қатысты ұсыныстар беру
- Ағартушылық жұмыс
- Семинарлар, тренингтер, ата-аналар жиналысын өткізу
- Арнайы әдебиеттермен, әдістемелік материалдармен таныстыру

Түзету-дамыту процесіне қатыстыру

- Үйде орындалатын жаттығуларды үйрету
- Бірлескен сабақтар мен ашық сабақтарға қатыстыру

Психологиялық қолдау

- Ата-ананың эмоционалдык күйін ескеру
- Баланың жетістіктеріне оң көзқарас қалыптастыру

Жұмыс формалары

- Әңгімелесу, сауалнама
- Үй тапсырмалары мен күнделік арқылы байланыс

Арнайы педагог Аранова Тапшолпанның желтоқсан айында атқарылған жұмыс есебі:

Желтоқсан айында арнайы педагогтың жоспарына сәйкес түзете-дамыту, диагностикалық және кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Сабақтар жеке және шағын топпен өткізілді. Түзете-дамыту жұмыстары барысында танымдық қабілетті дамыту, ұсақ қол моторикасымен жұмыс, кеңістікте бағдарлау, сөйлеу тілінің дамуына ықпал ету, оқу дағдыларын қалыптастыру бойынша жүргізілді. Диагностикалық жұмыстар бойынша балалардың даму деңгейіне бақылау жасалды, әр оқушыға жеке әдіс-тәсілдер қолданылды.

Баланың сөйлеу тілін бұзылуын әртүрлі жағтығулар арқылы түзету жұмыстары логопедиялық сабақтарда жүргізілді. Логопедиялық түзету сабақтарының мақсаты: сөйлеу тілі бұзылған бастауыш оқушыларын анықтап, диагностикалық бақылау жүргізу арқылы білім беру және түзету жұмыстарын жүргізу.

Сөйлеу тілі бұзылған балаларға, атап айтқанда логопед балаларға жекелей және топтық сабақ кестелері, сабақ жоспарлары құрылды. Сөйлеу тілі бұзылған оқушыларға сабақ жоспарлары баланың даму қабілетіне қарай бағытталаып құрылды.

Дислалия бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: Фонетикалық есту қабілетін дамыту үшін лексикалық тақырыптары мен дыбыстар дағдыларына байланыстырып айтылуы бойынша ерекшеліктерімен таныстырылды. Оқушылар тілдік емес дыбыстардан әуенді ойыншықтар, тұрмыстық шулар дыбыстарын ажыратып үйренді. Белсенді еліктеп сөйлеу әрекетін дамыту жұмыстары жүргізілуде сөйлеу тілінің белсенді сөздік қорын дамыту үшін арнайы сұрақтармен байланыстырып сөздік қорлары кеңейуде. Сөйлеу тілінде «етістіктер», «есімдіктер», «зат есім», «сын есім», «есімшелерді» дұрыс қолданып үйренуде. Сөйлеу тілінің қарым – қатынастық сөздік қорын дамытуға «Бауырсақ», «Шалқан» ертегілерінің кейіпкерлеріне бөлініп, дауыс ырғағын өзгертіп үйренді. Сюжетті суреттер бойынша екі, үш құрылымды сөйлем құрап, үш – төрт сериялы сюжетті суреттерден әңгіме құрастырады. Дыбыстану қатарына келетін болсақ дауысты дыбыстар қатарын дұрыс айтылуын қадағаланып, «еріндік» [П], [Б], «бұғактық» [Қ], [Ғ], «ызың» [Ш], [Ж], «ысқырық» [С], [З] дыбыстарына түзету жұмыстары жүргізілді. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын ескере отырып, балаға логопедиялық емдік-уқалау жасалды.

Дизартия бұзылыстары бар балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: тілдің икемсіздігіне байланысты артикуляциялық жағтығулар қатары жасалды. Ол тілдің «қазықша» қалпын жасауға, оны жоғары күрек тіске тіреуге, бүйірден ауа жолын ашуға бағытталуға көмек берді. Артикуляциялық жағтығулар тілді кезекпен жалпайту немесе жіңішкерту, «күректей», «қазықтай» ұшымен төменгі, жоғарғы еріндерге тигізу, айналдыра жалау, тіс пен ерін арасын жалау, тілді тіс пен ерін арасында, жоғары-төмен жүгірту, тілді оң, сол ұрттарға кезек тигізіп ұстап үйренді. Желтоқсан айында жүргізілген түзете-дамыту жұмыстары нәтижелі болды. Балалардың көпшілігінде оқу тапсырмаларын орындау дағдылары жақсарды. Жұмыстар келесі айда да жоспарға сәйкес жалғастырылады.